

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ботаника және фитоинтродукция институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 5 шілде N 1018

Еліміздің ұлттық байлығы болып табылатын өсімдіктердің тектік қорын сақтау және байыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ботаника және фитоинтродукция институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) оған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Алтай ботаникалық бағы", "Іле ботаникалық бағы", "Жезқазған ботаникалық бағы", "Маңғыстау эксперименталдық ботаникалық бағы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қосу арқылы қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қолдансын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі